

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
«ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма төрағасы-ректор

_____ А.М.Наметов

«_____» _____ 2020 ж.

**СТУДЕНТТІК ҮЙ ІШКІ ТӘРТІП
ЕРЕЖЕСІ**

ОРАЛ, 2020 ж.

МАЗМҰНЫ

- Бөлім 1. Мақсаты және қолдану саласы
- Бөлім 2. Нормативтік құжаттар
- Бөлім 3. Қысқартулар мен белгілеулер
- Бөлім 4. Түсініктемелер мен анықтамалар
- Бөлім 5. Жалпы ережелер
- Бөлім 6. Студенттік үйде орын беру тәртібі
- Бөлім 7. Студенттік үйге орналастыру тәртібі
- Бөлім 8. Студенттік үйде тұрғаны үшін ақы төлеу және оның дүние-мүлкіне тигізілген залалды өтеу тәртібі
- Бөлім 9. Студенттік үйде тұру тәртібі
- Бөлім 10. Студенттік үйден шығару тәртібі
- Бөлім 11. Студенттік үйде тұратын білім алушыларды әлеуметтік қолдау және ынталандыру
- Бөлім 12. Студенттік үйде тұратын білім алушыны сыннан өткізу тәртібі
- Қосымша 1– Өтініш, Студенттер үйінен орын бөлу туралы
- Қосымша 2 – Өтініш, Студенттер үйінен шығу туралы
- Қосымша 3 – Жолдама, Студенттер үйіне орналасуға
- Қосымша 4 - Студенттер үйінде тұру рұқсатнамасы
- Қосымша 5 – Білім алушыны сынақтан өткізу картасы
- Қосымша 6 - Студенттер үйінен орын беру туралы Шарты

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Осы ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы», «Тұрғын-үй қатынастары туралы», «Мемлекеттік қызмет көрсетулер туралы» Заңдарына; «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру салаларындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 11 маусымдағы №376 бұйрығына, ЖОО Жарғысына, Ішкі тәртіб ережелеріне, санитариялық-эпидемиологиялық ережелерге, өрт талаптары мен нормаларына сәйкес әзірленген.

2. НОРМАТИВІК ҚҰЖАТТАР

Ереже төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:

- 1) ҚР «Білім туралы» Заңы (27.07.2007 күнгі № 319, 04.07.2018 күнгі №171-VI) Заңына сәйкес өзгертулері және толықтыруларымен;
- 2) «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ Жарғысы;
- 3) ҚР БҒМ 22.01.2016 күнгі № 66 бұйрығымен бекітілген (19.10.2018 күнгі № 581 өзгерістерімен) «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары»;
- 4) «Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;
- 5) ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі.

3. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

Университет	- Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ТжӘЖЖП	- Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор
ЖБДО	- Жастар бастамасын дамыту орталығы
АЕК	- Айлық есептік көрсеткіш
СК	- Студенттік кеңес
ПОҚ	- Профессор-оқытушылар құрамы

4. ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Бұл Ережеде төмендегі түсініктемелер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) тұлдыр жетім - 18 жасқа толғанға дейін ата-анасы қайтыс болған білім алушы;
- 2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған - 18 жасқа толғанға дейін ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен

деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және ҚР заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының бреуі немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала;

3) 1 және 2 топтағы мүгедек - ауру, жарақаттар мен кемшіліктер салдарларынан мүгедектікке және әлеуметтік қорғауға әкелетін ауруларға байланысты денсаулығы бұзылған адам;

4) көп балалы отбасы - құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы;

5) аз қамтылған отбасылар - ҚР заңнамасына сәйкес он сегіз жасқа толмаған балаларға тағайындалған және төленетін атаулы әлеуметтік көмекке және (немесе) ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақылар алуға құқығы бар жұмыс жасындағы адамдар;

6) шетелдік студент - ҚР азаматы болып табылмайтын және басқа мемлекеттің азаматтығына жататындығы туралы куәландыратын азаматтар;

7) қалалық емес білім алушы - Орал қаласынан басқа Батыс Қазақстан облысының аудандарынан және ҚР басқа қалалары мен облыстарынан келген білім алушылар;

8) оралман - тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында ҚР келген және ҚР "Халықтың көші-қоны туралы" Заңында белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, ҚР егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның ҚР егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары;

9) депозит - білім алушы қабылдап алған тұрғылықты бөлме мен ондағы жабдықтардың тұру мерзімінде күй-жағдайын сақтау кепілдігі болатын ақшалай сома;

10) айлық есептік көрсеткіш - ҚР заңнамасына сәйкес зейнетақы, жәрдемақы, өзгедей әлеуметтік, салық төлемдер, сондай-ақ айыппұл санкцияларын есептеу үшін мемлекет жыл сайын белгілейтін есептік көрсеткіш.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Студенттік үйдің Ішкі тәртіп ережесінің қатаң сақталуы тұрғындар үшін орындалуға міндетті Университеттің ішкі нормативтік актісі болып табылады.

5.2. Жәңгір хан университетінде Орал қаласында тұрмайтын барлық студенттер Студенттік үйлердегі орындармен 100 пайыз қамтамасыз етіледі:

- 1) күндіз оқитын білім алушыларға барлық оқу кезеңдеріне;
- 2) сырттай оқитын білім алушылар (бос орын болған жағдайда) емтихандық сессия мерзіміне;
- 3) білім алушылардың Орал қаласында тәжірибеден немесе жазғы семестрден өту мерзіміне (институт директорларының қолы қойылған жеке өтініш негізінде);
- 4) университет түлектерінің магистратураға түсу үшін емтиханға дайындалу және емтихан тапсыру мерзіміне (қабылдау комиссиясы жауапты хатшысының қолы қойылған жеке өтініш негізінде).

5.3. Студенттік үйлерді институттар еншісіне бөлу және орналастыру квотасы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

5.4. Студенттік үйлерге орналастыру мәселесімен «Жастар бастамасын дамыту орталығы» айналысады.

5.5. Студенттік үйлерде тұру ақысы бойынша тарифтер және бір жолғы депозит көлемі университет Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

5.6. Студенттік үйлердегі Тәрбие және әлеуметтік жұмысын бекітілген жоспар бойынша Жастар бастамасын дамыту орталығы және Студенттік кеңес ұйымдастырады.

5.7. Студенттік үйлерде орналасқан білім алушылардың тәртібін, тұрмыстық жағдайын, қонған, қонбағанын және бөлмелерінің санитарлық-гигиеналық жағдайын ЖБДО, Студенттік кеңестер, Студенттік үй әкімгері, институт директорлары орынбасарлары тұрақты түрде қадағалайды.

5.8. Тәрбие жұмысының мәселелерімен Студенттік үйлерге баратын қызметкерлер мен ПОҚ келу журналына тіркеледі және тиісті жазбалар қалдырады.

5.9. Студенттік үйлерге орналасушы ПОҚ, қызметкерлер мен әрбір білім алушы аталмыш Ережемен танысып, қол қоюы міндетті.

5.10. Осы Ереже Студенттік үйлерде тұратын барлық білім алушылар мен Студенттік үй қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

5.11. Студенттің бөлмедегі жеке құнды заттары мен мүлігінің жоғалуына университет әкімшілігі жауап бермейді.

5.12. Оқу жылы барысында оқуда, Студенттік үйде тұруда және қоғамдық өмірде үлгілі көрсеткіштер көрсеткен 2-4 курс білім алушыларына жаңа оқу жылында өзі тұрған бөлмеде қалуға рұқсат етіледі. Ол үшін тұрғын өтінішінде өзі тұрған бөлмені қалайтынын көрсетеді және институт директорларының, Студенттік үй әкімгерінің тиісті анықтамаларын тіркейді.

5.13. Студенттік үй кеңесі

Студенттік үйде тұратындар өзін өзі басқару органы – олардың мүдделерін қорғайтын Студенттік үй студенттік кеңесін (әрі қарай - студенттік кеңес) сайлайды. Студенттік кеңес қабаттағы старосталардың жұмысын үйлестіреді, өзі-өзі қызмет көрсету бойынша жұмыс ұйымдастырады, Студенттік үйде тұратындарды еркін түрде Студенттік үй, университет территориясында және қала аумағындағы қоғамдық-пайдалы жұмыстарына қатыстырады, Студенттік үй әкімшілігіне студенттерге

бекітілген материалдық құндылықтардың сақталуын бақылауды және мәдени-көпшілік жұмыстарын ұйымдастырады. Студенттік кеңес өз жұмысында нақты Ережелерді басшылыққа алады. Студенттік үйдің әр қабатында қабаттағы староста сайланады. Қабаттағы староста:

- 1) өз қабатында ішкі тәртіп Ережелерінің сақтауын қамтамасыз етеді;
- 2) ас үйдегі кезекшілікті ұйымдастырады;
- 3) қабатта, соның ішінде бөлмелерде, санитарлық бөлмелерде, дәліздерде, ас үйде, баспалдақтарда тазалық пен тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды;
- 4) ішкі тәртіп Ережелерін бұзудың кез келген түрінің және кикілжің жағдайларының алдын-алу бойынша шаралар жүргізеді.

6. СТУДЕНТТІК ҮЙДЕН ОРЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

6.1. Білім алушыларға Студенттік үйлерде орындарды беру келесі негіздемелер мен кезектілік ескеріліп жүзеге асырылады:

- 1) тұлдыр жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар;
- 2) I және II топтағы мүгедек білім алушылар;
- 3) ата-анасының біреуі немесе екеуі де I, II топтағы мүгедек болып табылатын білім алушылар;
- 4) аз қамтылған көп балалы отбасынан шыққан студент;
- 5) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектерге теңестірілген білім алушылар;
- 6) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан студент;
- 7) ҚР азаматтары болып табылмайтын оралман санатындағы студент;
- 8) «Алтын белгі» игерелері (растайтын құжаты бар) бірінші курсқа қабылданған студент;
- 9) Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген студент;
- 10) мемлекеттік грант негізінде оқуға қабылданған бірінші курс студенттері;
- 11) ақылы негізде оқитын бірінші курс студенттері;
- 12) мемлекеттік білім гранты немесе тапсырысы негізінде оқитын жоғары курс білім алушылары;
- 13) ақылы негізде оқитын жоғары курс білім алушылары;
- 14) өзге магистранттар мен докторанттар.

6.2. Студенттік үйлерден жаңа оқу жылына орын бөлу үшін өтініштер мен құжаттар қабылдау тәртібі:

6.2.1. Өтініштер мен төмендегі тізім бойынша құжаттар қабылдау электронды түрде zapkazatu@wkau.kz жәшігіне және <http://egov.kz> порталдарында және жазбаша түрде жүзеге асырылады.

6.2.2. Өтініштер мен құжаттар қабылдау қабылдау мерзімі:

1) 1 курсқа қабылданатын студенттер үшін қабылдау комиссиясы кезінде 30-шы тамызға дейін;

2) 2-5 курс студенттері үшін алдын-ала 10 мамыр 15 маусым аралықтарында;

3) магистранттар үшін 25 тамыз 15 қыркүйек аралығында.

4) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;

5) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут. (ҚР «Білім беру»-заңының 26.б 6 т. мерзімі заңмен қарастырылмаған).

6.4. Тізімге сай, білім алушылар Студенттік үйлерге орналасу үшін, тұру ақысы мен депозитті төлегені туралы түбіртектер көшірмесімен әлеуметтік бөлімге келіп, Студенттік үйде тұруға Келісім-шарт жасайды, жолдама және бөлменің кілтін алады.

6.5. Студенттік үйлерге тұру үшін жолдама беру мерзімі:

1) 1 курсқа қабылданатын студенттер үшін 25-30 тамыз аралығында;

2) 2-4 курс студенттері үшін 25 тамыз 15 қыркүйек аралығында;

3) магистранттар үшін 25 -20 қыркүйек аралығында.

6.5. Студенттік үйлерден орын алу үшін өтінішке қоса тіркелетін құжаттар тізбесі:

6.5.1. ҚР азаматтары үшін:

1) белгіленген үлгіде жазылған өтініш;

2) білім алушы төлқұжатының көшірмесі;

3) мекен-жай анықтамасы;

4) 3×4 көлемдегі фото - 4 дана;

5) төлемдер жасалған түбіртектер көшірмесі (жолдама алатын мерзімде);

6) Ереженің 6.1. тармағына сай әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат көшірмесі (болған жағдайда);

7) педикулез анықтамасы;

8) Ф086 Медициналық анықтама

9) құжат тігілетін мұқаба.

6.5.2. Шетел азаматтары үшін:

1) белгіленген үлгіде жазылған өтініш;

2) білім алушының төлқұжат аудармасының көшірмесі;

3) ЖСН куәлігінің көшірмесі;

4) мекен-жай анықтамасы;

5) 3×4 көлемдегі фото - 4 дана;

6) төлемдер жасалған түбіртектер көшірмесі;

7) педикулез анықтамасы;

8) Ф086 Медициналық анықтама

9) құжат тігілетін мұқаба.

7. СТУДЕНТТІК ҮЙДЕ ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ

7.1. Білім алушы Студенттік үйде тұруға жолдама алған күннен бастап 3 күн ішінде орналасуы тиіс, олай болмағанда орын басқа білім алушыға бөлінеді.

7.2. Студенттік үйге кіру үшін білім алушылар кіру рұқсатнамасын алады.

7.3. Білім алушылар Студенттік үйлерге орналасу үшін Студенттік үй әкімгері мен студенттік кеңеске Ереженің 6.5. тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады:

1) білім алушыны «Студенттік үйдің Ішкі тәртіп Ережесімен» таныстырады;

2) білім алушыны тұру жолдамасында көрсетілген бөлмеге орналастырады және қажетті құрал-жабдықтарды береді;

3) орналастыру кезінде бөлме мен ондағы жабдықтарды «Тұрғын жайды қабылдау-тапсыру актісі» бойынша қабылданып-тапсырылады, білім алушы тұру мерзімінде оларға материалдық жауапты болады және Студенттік үйден шығу кезінде сол қалпында қайта тапсырады.

8. СТУДЕНТТІК ҮЙДЕ ТҰРҒАНЫ ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДҮНИЕ-МҮЛКІНЕ ТИГІЗІЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ ТӘРТІБІ

8.1. Білім алушы Студенттік үйде тұрғаны үшін Келісім-шартқа отырған күннен бастап бекітілген тарифтер бойынша тұру ақысын және депозит (кепілдік сома) төлейді.

8.1.1. Күндіз оқитын білім алушылар тұру ақысын 10 айлық тарифтермен төлейді:

1) Тұру мерзімі жалғасатын болса – тұру уақытына;

2) депозит жылға бір рет төленеді және Студенттік үйден шыққан мезгілде білім алушының жеке өтініші бойынша қайтарылады немесе оның қалауы бойынша оқу ақысы есебіне аударылады;

3) Орал қаласында іс-тәжірибе немесе жазғы семестр өту мерзіміне.

8.1.2. Тәуліктік тарифтер бойынша:

1) сырттай оқитын білім алушылар (Студенттік үйлерде бос орын болған жағдайда) емтихандық сессия мерзімінде Студенттік үйде тұруға Келісім шарт жасаған күні - бір жола оқу үрдісінің кестесіне сәйкес рұқсат етілген мерзімге төлейді;

2) магистратураға түсуші университет түлегі емтихандарға дайындалу және емтихандар тапсыру мерзіміне Студенттік үйде тұру Келісім-шартына отырған күні төлейді.

8.2. Студенттік үйде тұру ақысын толық оқу жылына (қыркүйек-маусым айлары үшін) төлейді.

8.3. Тұрғын 1 ай бұрын Студенттік үйден шығатынын ескертіп өз еркімен Келісім-шартты бұза алады. Осы жағдайда білім алушыға оның талабы бойынша Студенттік үйден шыққаннан кейінгі толық айлардың жұмсалмаған қаражаты қайтарылады.

8.4. Білім алушы Студенттік үйде тұру ережесін сақтамағаны, оқу тәртібін бұзғаны және адамгершілікке жат теріс қылықтар көрсеткені үшін Студенттік үйден шығарылған жағдайда тұрудың төлем ақысы қайтарылмайды.

8.5. Білім алушы берілген дүние мүлікті қасақана, байқаусыз бүлдірген немесе жойған кезде, инженерлік коммуникацияларды саптан шығарған жағдайда мүлікті 3 күн ішінде толық қалпына келтіреді немесе ақшалай орнын толтырады.

8.6. Білім алушы Студенттік үй дүние-мүлкіне келтірілген залалдың орнын акт негізінде толтырады.

8.7. Университеттің дүние-мүлкіне келтірілген залалды өтеу барысын бақылауды Студенттік үй әкімгері жүзеге асырады.

9. СТУДЕНТТІК ҮЙДЕ ТҰРУ ТӘРТІБІ

9.1. Студенттік үй тұрғындарының құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері:

9.1.1. Студенттік үй тұрғындары құқылы:

1) өздеріне бекітілген тұрғылықты бөлмеде осы Ережелерді сақтаған жағдайда Келісім-шарт мерзімінде тұруға;

2) Студенттік үйде тұру Келісім-шартын өтініш беру арқылы кез-келген уақытта өз еркімен бұзуға;

3) мәдени-тұрмыстық орындарды, Студенттік үй қондырғылары мен жабдықтарын пайдалануға;

4) Студенттік үй әкімгеріне уақтылы жөндеу жұмыстарын жасау туралы, тұрғынның кінәсінен емес істен шыққан қондырғылар мен жабдықтарды ауыстыру туралы өтініштер жасауға;

5) қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес өздерінің жеке құралдарын (электр плита, теледидар, компьютер, принтер, қысқа толқынды пеш, салқындатқыш, тоңазытқыш, жылыту пешінен басқа) пайдалануға;

6) өзіне бөлінген бөлмеден басқа бөлмеге нақты себеп болған жағдайда Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректордың арнайы рұқсатпен ауысуға;

7) Студенттік үйдің студенттік кеңесін қалыптастырып, оған мүше болып сайлануға;

8) Студенттік үй студенттік кеңесі арқылы тұрғын үй-тұрмыстық жағдайды шындау, тәрбие жұмысы мен бос уақытты дұрыс ұйымдастыру бойынша мәселелерді шешуге.

9.1.2. Студенттік үй тұрғындарының міндеті:

1) Студенттік үй әкімшілігіне және қызметкерлеріне әдептілік көрсетуге;

2) Студенттік үйде тұру Келісім-шарты талаптарын орындауға;

3) тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркелуге;

4) Студенттік үйде тұру ақысын және барлық ұсынылатын ақылы қызметтер үшін белгіленген көлемдегі ақыны алдын-ала төлеуге;

5) 2-4 курс студенттері бөлмеде 1 күннен артық түнемеген жағдайда Студенттік үй әкімгеріне ескертуге;

6) 1 курс студенттері туысқандарының үйлеріне қонатын болса, кімнің үйінде қонатындығын, уақытын, мекен-жайын және телефонын, қайта келетін уақытын Студенттерді тіркеу журналына жаздырып кетуге;

Бұл жағдайда Студенттік үй әкімгері студенттің ата-анасына немесе заңды өкіліне телефон арқылы хабарлап, келісімін алады.

7) тұрғылықты бөлме мен ортақ орындарды пайдалануда тазалық пен тәртіпті сақтауға: өз бөлмесінде күн сайын, ас дайындау бөлмесінде кезекшілік бойынша тазалық жұмыстарын жүргізуге;

8) әр айдың бейсенбі күні дезинфекциялық материалдармен тазалау күні. Осы күні әрбір тұрғын өзі тұратын бөлмесіне және қабатына тазалық жұмыстарын жүргізуге;

9) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтауға, кірленуіне байланысты төсек-орынын (сейсеп, ақ жайма, жастық тысын) 10 күнде бір реттен кем емес ауыстыруға;

10) электр қуаты мен суды үнемді пайдалануға (бөлмеден шыққанда терезені жабу, құралдарды, жарық пен суды айыру);

11) мәдени-тұрмыстық орындарды пайдалану кезінде тыныштық сақтауға және аталған орындарды басқа тұрғындардың пайдалануына кедергі келтірмеуге;

12) осы Ережені, қауіпсіздік техника ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға;

13) тұрмыстық электр жабдықтарын пайдалану бойынша нұсқауларды қатаң сақтауға;

14) Студенттік үйдегі арнайы орындар мен жабдықтарды, қондырғыларды ұқыпты пайдалануға;

15) материалдық шығын келтірген жағдайда рәсімделетін актке сәйкес өтемін өтеуге;

16) Студенттік үйге кіріп-шығу, қонақ қабылдау тәртібін сақтауға;

17) қажеттілік туындағанда университет және (немесе) Студенттік үй әкімшілігіне тұрғын бөлмені тәуліктің кез-келген уақытында қарап шығуға мүмкіндік беруге;

18) тұрғылықты бөлмеде кез-келген ақауларды байқаған бойда Студенттік үй әкімгеріне хабарлауға;

19) Студенттік үйден бөлмесін босатуда тапсыру актісімен Студенттік үйге тиісті барлық мүлікті тиісті түрде және тиісті күйде тапсыруға.

20) Кезекшілік кестесіне сай тұрып жатырған қабаттарында кезекшілік атқаруларына және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес тазалық жұмыстарын жүргізуге;

21) Кезекшілік кестесіне сай Студенттік үй вахтасында кезекшілік атқаруларына және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес тазалық жұмыстарын жүргізуге міндетті;

22) Күзгі және көктемгі уақыттарда жалпы қалалық және университет ішкілік сенбіліктерге қатысуға;

9.1.3. Студенттік үй тұрғындарына тыйым салынады:

1) бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше көшуге, басқа бөлмеде қонуға;

2) бір бөлмеден екінші бөлмеге жабдықтарды өз бетінше тасымалдауға;

3) электр жүйесін өз бетінше жөндеуге;

4) Студенттік үйге кіру құжаттамасын, бөлменің кілтін басқа адамға беруге;

5) Сағат 23.00-ден 07.00-ге дейін Студенттік үйде тыныштық сақталуы тиіс (аппаратураны қосуға, ән айтуға, шулауға және т.б. тыйым салынады). Дәліздерде және жалпы пайдалану орындарында кезекші жарықтандыру қалады;

6) Студенттік үйге оның мүлкінен бөлек жеке меншік заттарды (төсек жабдықтары, тұрмыстық техника, бағалы бұйымдар және т.б.) Студенттік үй әкімгерінің рұқсатынсыз және екі жақты актісіз кіргізуге;

7) тұрғын бөлменің, ортақ орындардың қабырғаларына хабарландыру, сабақ кестелерін және т.б. жапсыруға;

8) тұрғылықты бөлмеде мемлекеттің идеологиясына қарсы келетін оппозициялық материалдарды ілуге;

9) терезеден қоқыс және бөгде заттарды лақтыруға, терезеден лас су төгуге, ортақ орындарды қоқыспен және тұрмыстық қалдықтармен ластауға;

10) рұқсатсыз бөтен тұлғаларды Студенттік үйге кіргізуге және (немесе) түнетуге;

11) Студенттік үй әкімгерінің рұқсатынсыз бөлмені жөндеу жұмыстарын жүргізуге, мүлікті жөндеуге және ауыстыруға;

12) Студенттік үйде ашық от көздерін пайдалануға;

13) Студенттік үйде үй жануарларын ұстауға;

14) бөлмеде тұратын тұрғындарға кедергі келтіретін үлкен көлемді заттарды сақтауға;

15) Студенттік үйде темекі, кальян, алкогольдік ішімдік және есірткі қолдануға және сақтауға;

16) дәрігердің белгілеуінсіз есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдауға, есірткі және психотропты дәрілерді сақтауға, таратуға;

17) Студенттік үй территориясына қару, соның ішінде пневматикалық, зақымдаушы және суық қару әкелуге, сақтауға және қолдануға;

18) «Діни іс-әрекеттер мен діни бірлестіктер туралы» заңмен тыйым салынған діни жиналыстар мен іс-шаралар ұйымдастыруға;

19) коммерциялық қызмет немесе құмар ойындарын ұйымдастыруға;

20) ер балалардың қыздар бөлмесіне, қыз балалардың ер балалар бөлмесіне кіруіне және қонуына;

21) Студенттік үй әкімгері және Студенттік кеңес рұқсатынсыз туылған күндер мен атаулы мерекелер бөлмелерде ұйымдастыруларына;

22) Оқу және демалу үшін қалыпты жағдай жасау мақсатында жазғы уақытта (қыркүйек, қазан, мамыр, маусым, шілде) 23.00 сағаттан кейін Студенттер үйіне кіруге тыйым салынады;

23) Қысқы уақытта (қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір) 22.00 сағаттан кейін Студенттер үйіне кіруге тыйым салынады.

24) Студенттік үй әкімшілігінің, ата-анасының немесе сенімді өкілінің рұқсатынсыз соңынан қарымқатынастарын анықтайтын кикілжің жағдаяттар тудыруға;

25) студенттердің жеке киімдерін, заттарын, мүліктерін рұқсатсыз қолдануға;

26) Студенттік үйде тұратын студенттерді және әкімшілікті негізсіз даттауға;

27) университет әкімшілігінің, техникалық қызметшілердің және студенттік мүшелерінің қоғамдық тапсырмаларын орындаудан бас тартуға;

28) бөгде адамдарды заңсыз жатақханаға өткізуге және (немесе) оларды ұзақ уақытқа және түнге қалдыруға; басқа тұлғаларға, соның ішінде Студенттік үйдің басқа бөлмелерінде тұратындарға тұрғын бөлмені беруге;

29) Студенттік үй әкімшілігінің рұқсатынсыз тұрғын бөлмесінің есігіне қосымша құлып салуға, құлыпты қайта істеуге және ауыстыруға;

30) қауіпті жағдайлардың алдын алу мақсатында қатаң тиым салынады:

- терезе алдында отыруға;

- терезеден бас сұғуға;

- терезеден қандай да бір заттарды лақтыруға.

9.1.4. Студенттік үй тұрғындарының жауапкершілігі Осы Ережелерді бұзғаны үшін тұрғындарға Студенттік үй әкімшілігінің ұсынысы бойынша Жәңгір хан университеті Ішкі тәртіп ережесіне сай келесі қоғамдық және тәртіптік жаза түрлері қолданылады:

1) ауызша/жазбаша ескерту;

2) еңбекпен түзеу мерзімімен тәртіптік сөгіс;

3) келесі оқу жылына орыны сақталмайтын қатаң сөгіс;

3) Студенттік үйден бірден шығару;

Студенттік үйде тұру ережелерін, өмір сүру қауіпсіздігін сақтау ережелерін және осы Ережелерді бақылау және сақтау үшін университет қызметкерлері арасынан комиссия құрылуы мүмкін. Осы комиссияның сағат 02.00-ге дейін тексеру жүргізуге құқығы бар. Сонымен қатар тәртіп бұзушылықтың түрлеріне қарай ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің «434-Ұсақ бұзақылық» бабына сәйкес төмендегі айыппұл түрлері салынады:

1) айналасындағы адамдарды сыйламау, құрмет білдірмеу, балағат сөздер айту - 5 АЕК;

2) бөлмені, ортақ пайдалану орындарын ластау қоғамдық жерде қоқыс, коммуналдық қалдықтарды тастау - 5 АЕК;

3) айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер - 5 АЕК;

4) рұқсат етілмеген жерде шылым шегу - 5 АЕК.

9.2. Студенттік үй әкімшілігінің құқықтары мен міндеттері

9.2.1. Студенттік үй әкімшілігі құқылы:

1) Студенттік үй тұрғындарынан тәртіп сақтауды талап етуге;

2) Студенттік үйде тұру ақысын уақтылы төлеуді талап етуге;

3) қажеттілік туындағанда тұрғын бөлмені тексеріп шығуға;

4) нақты себеп болған жағдайда тұрғынның бөлмесін ауыстыруға ұсыныс беруге;

5) электр қуаты мен суды үнемдеуді талап етуге;

6) тұрғын берілген дүние мүлікті қасақана, байқаусыз бүлдірген немесе жойған кезде, инженерлік коммуникацияларды саптан шығарған жағдайда мүлікті толық қалпына келтіруді талап етуге;

7) Студенттік үйде өмір сүру жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстарын білдіруге;

8) Студенттік үйдің студенттік кеңесімен бірлесе отырып, ішкі тәртіпті бұзатын тұрғындарға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар беруге; жатақхана тазалығын қамтамасыз ету үшін тұрғындармен сенбіліктер ұйымдастыруға.

9.2.2. Студенттік үй әкімшілігінің міндеттері:

1) Студенттік үйдің белгіленген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес болуын қамтамасыз ету;

2) білім алушыларды жолдама бойынша бөлінген орындарға орналастыру;

3) тұрғындардың тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркелуін қадағалау;

4) Студенттік үйдің құбыр жүйесінде, электр жүйесінде, су желісінде болған ақауларды шұғыл түрде жөндеуге ұсыныс беру;

5) Студенттік үй бөлмелерін, мәдени-тұрмыстық орындарын пайдалану және санитарлық жағдайы бойынша кемшіліктерін анықтау мақсатында күнделікті тексеру;

6) төсек жаймаларын 10 күнде бір реттен кем емес ауыстыруды қамтамасыз ету;

7) тұрғындардың техника және өрт қауіпсіздігін сақтауын талап ету;

8) тұрғындар тапсырыстарының мезгілінде орындалуын жүзеге асыру.

9) жатақханада тұрмыстық бөлмелер, себезгі бөлмелері, изоляторларды санитарлық және басқа ережелер мен нормаларға сәйкес жабдықтау;

10) жатақхананы қажетті жиһазбен, төсек-орын жабдықтарымен және басқа да мүкәммалмен жабдықтау;

11) жатақхананы белгіленген тәртіппен қызмет көрсететін персоналмен қамтамасыз ету;

12) үй-жайларды күрделі және ағымдағы жөндеуді уақтылы жүргізу;

13) белгіленген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес тұратындарға коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

14) жатақханада тұратын науқастарды жіті ауырған және ауруханаға жатқызылмаған жағдайда изоляторларға көшіру;

15) санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың, өрт қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз ету;

16) Студенттік үй аумағында құқық бұзушылықтардың алдын алу жүргізу.

10. СТУДЕНТТІК ҮЙДЕН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

10.1. Осы Ережені бұзғаны үшін тұрғындарға тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін: ескерту; Студенттік үй бойынша қоғамдық-пайдалы жұмыстарға тарту; Студенттік үйден шығару.

Студенттік үйде тұратын білім алушы Студенттік үйден келесі жағдайларда 3 күн ішінде шығарылуы қажет:

- 1) Студенттік үйде тұрудың мерзімі аяқталғанда;
- 2) Студенттік үй Ішкі тәртіп ережесін бұзғанда;
- 3) үш күннен артық мерзімде себепсіз Студенттік үйде қонбағанда;
- 4) тұру ақысының төлем мерзімдерін бұзғанда;
- 5) адамгершілікке жат мінез-құлық немесе заңға қайшы әрекет жасағанда;
- 6) қоғамдық тәртіпті бұзғанда, мас күйінде болғанда, спирттік ішімдіктерді ішкенде;
- 7) дәрігердің белгілеуінсіз есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдағанда, есірткі және психотропты дәрілерді қолданғанда, сақтағанда, таратқанда;
- 8) Студенттік үй әкімшілігі мен университет қызметкерлеріне қоқан-лоқы көрсетіп, адамгершілікке жат мінез-құлық танытқанда;
- 9) Студенттік үй территориясына қару, соның ішінде пневматикалық, зақымдаушы және суық қару әкелу фактісі тіркелгенде, сақтағанда және қолданғанда;
- 10) «Діни іс-әрекеттер мен діни бірлестіктер туралы» заңмен тыйым салынған діни жиналыстар мен іс-шаралар ұйымдастырғанда;
- 11) коммерциялық қызмет немесе құмар ойындарын ұйымдастырғанда;
- 12) ақша бопсалау және үстемдік, қорқыту фактілері тірелгенде;
- 13) қоғамдық орындарда төбелестер мен жанжалдар ұйымдастыру фактілері тіркелгенде;
- 14) өзгенің мүлкіне қол сұғу немес рұқсатсыз алу фактілері тіркелгенде;
- 15) оқудан шығарылған кезде.

10.2. Білім алушы Студенттік үй ережесі мен университет Ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін Студенттік үйден шығарылған жағдайда, барлық қалған оқу мерзімінде Студенттік үйде тұру құқығынан айрылады.

10.3. Білім алушы Студенттер үйінде тұру мерзімі аяқталған кезде ағымды жөндеу жұмыстарын жасап, Студенттер үйі әкімгеріне мүлік пен бөлмені лайықты түрде тапсыру-қабылдау актісімен тапсырады.

10.4. Білім алушы бөлмені тапсыру-қабылдау актісін Студенттік үй әкімгеріне тапсырып, ЖБДО-на шығу туралы өтініш жазады.

10.5. Іс-тәжірибеден өту, жазғы семестр оқуына қалатын білім алушылар тіркеу бөлімі мен институттардың тиісті бұйрықтары шыққаннан кейін, қажетті мерзімге тұру ақыларын төлеп, бұрынғы жолдама мерзімін ары қарай созырады.

11. СТУДЕНТТІК ҮЙДЕ ТҰРАТЫН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ

11.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурызындағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес және Жәңгір хан университеті басқармасы,

университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен келесі топтағы білім алушыларға Студенттік үйлерде тегін тұру құқығы беріледі:

- 1) тұлдыр жетім;
- 2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар;
- 3) балалар үйінің тәрбиеленушілері;
- 4) мүгедектік топтағы білім алушылар.

Қосымша қажетті құжаттар тізілімі:

- 1) Мүгедектігі туралы анықтама (нотариалды куәландырылған)
- 2) Атан-анасының қайтыс болуы немес ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандығы туралы анықтама (нотариалды куәландырылған);
- 3) Балалар үйінің тәрбиеленушісі екендігін растайтын анықтама.

11.2. Ішкі тәртіп ережелерін орындайтын және Студенттік үй тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысатын тұрғындарды көтермелеуге ынталандыруға ұсынылады:

- 1) алғыс хат;
- 2) грамота;
